



Сыр бойы

№166
(20640)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

31 қазан, сейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy_kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛТТЫҚ ХОЛДИНГ БАСШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингінің АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Байбазаровты қабылдады. Президентке холдингінің биылғы 9 айдағы қызметінің нәтижелері, соның ішінде кәсіпкерлік пен агроөнеркәсіп кешенін қолдау, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды.

Ұсынылған деректерге сәйкес, инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемі 511 миллиард теңгені құраған. Сонымен қатар шағын және орта бизнестің 18,1 мың жобасына қолдау көрсетіліп, шамамен 1 триллион теңге көлемінде кредит берілген. Агроөнеркәсіп кешенін

қолдауға 447 миллиард теңге қаржы бөлінген. Жыл басынан бері 811,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 47 мыңға жуық отбасы баспаналы болған.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына холдингі трансформациялау және цифрландыру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді. «Бәйтерек» алдағы екі жылда экономиканың шикізаттық емес секторын қолдау ауқымын екі есе арттырмақ. Инвестиция тарту және коммерциялық банктенді өңдеу өнеркәсібі жобаларын кредиттеуге жұмылдыру жұмыстары жандана түседі.

Ішкі нарықты қамтамасыз ету және агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру мақсатында тамақ өнеркәсібі жобаларын қаржыландыру

бағдарламалары іске қосылады, сондай-ақ толыққанды экспорт-кредит агенттігі құрылады.

Мемлекет басшысының монокалалар, аудан орталықтары мен ауыл тұрғындарын баспанамен қамту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында холдингінің тұрғын үй бағытындағы қызметі трансформацияланады.

Нұрлан Байбазаров холдингіге еншілес ұйымдардың барлық қызметін цифрлық форматқа көшіру жоспарланып отырғанын жеткізді.

Кезлесу соңында Мемлекет басшысы экономикалық өсімді қолдау және азаматтардың тұрмыс деңгейін жақсарту үшін жаңа тәсілдер енгізу маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ «Бәйтерек» холдингінің жұмысын жетілдіруге қатысты бірқатар міндет жүктелді.

ҚАЗА ТАПҚАН КЕНШІЛЕРДІҢ ОТБАСЫЛАРЫНА КӨҢІЛ АЙТТЫ

2023 жылдың 29 қазаны қазақ елі үшін күнтізбеде қаралы күн болып қалды. Қарағандыдағы қайғылы апатқа байланысты жалпыұлттық аза тұту күні жарияланды.

Апат орын алған күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы барып, қаза тапқандардың отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтты. – Мен Мемлекет басшысы ретінде баршаңызға көңіл айтамын. Бұл – қасірет. Бәрін түсінемін. Апат болды. Апаттың кесірінен көптеген адам қаза тапты. Сондықтан бұл жерге арнайы келдім, – деді Президент. Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Кемелұлы тиісті шаралар қабылданып, соның ішінде зардап шеккендердің отбасылары мұқтаждық көрмеуі үшін барлық мүмкіндік қарастырылатынын жеткізді.

Президент бұл ретте «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтату жөнінде тапсырма

бергенін айтты. Мемлекет басшысының сөзінше, бұл мекеме Үкіметпен және кәсіпорымен ынтымақтастық тұрғысынан біздің тарихымыздағы ең нашар компания болды. «Басин Вадим Борисович деген азамат бар. Сіздер оны білесіздер. Ол бір кездері «АрселорМитталда» жұмыс істеген. Облыс әкімінің орынбасары болды. Мен оған қайтып келіп, кәсіпорынды басқаруды тапсырамын. Кәсіпорынның кәсіргі басшылығының қолынан ештеңе келмейді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мұнан кейін Мемлекет басшысы жедел штабтың отырысын өткізді. Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановтың айтуынша, апат кезінде шахтада 252 адам болған. 206 адам өз бетінше жер бетіне көтерілген.

Жедел штаб отырысында Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният та мәлімдеме жасады. Ол зардап шеккен азаматтарға медициналық көмек жедел әрі толық көрсетіліп жатқанын айтты. Ал Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпованың

сөзінше, қаза тапқан азаматтардың отбасыларына асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы тағайындалады. Ол республикалық бюджеттен, әлеуметтік сақтандыру қорынан және өмірді сақтандыру компаниясынан төленеді. Жәрдемақы көлемінің жалпы орташа мөлшері асыраушыда адамдар 18 жасқа толғанға дейін ай сайын 400-500 мың теңгеден басталады. Егер балалар жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болса, онда 23 жасқа дейін төленеді.

«Әзірге барлық төлемді өтеу «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына жүктеледі. Кәсіпорын ұжымдық шартқа сәйкес жылдық төлем төлеулерін төлеуге міндетті. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы жерлеу рәсімдеріне байланысты барлық шығынды, сондай-ақ балаларды жоғары оқу орындарында оқытуды өз мойнына алуға тиіс, – деп толықтырды министр.

Президент Үкіметтік комиссия мүшелеріне нақты-нақты тапсырма жүктелді.

«Апат айтып келмейді» деп өз-өзімізді жұбатқанымен, құрбан болған отандастарымыз оралмайды. Келместің кемесінде кетті. Сараптап қарасақ, тәуелсіздік жылдары ішінде қазақстандық шахталарда 200-ден астам адам қаза тапқан екен. Өкінішті!

ШАХТАДАҒЫ ШЫРҒАЛАҢ ЕЛГЕ ОҢАЙ СОҚҚАН ЖОҚ

Айдар САЙЛАУОВ, «Сыр бойы»



Ал кешегі апат болған Костенко шахтасына өндірістік қауіпсіздік департаменті тексеру жұмыстарын жүргізіп жатқан екен. Былтыр бұл кен орнынан 200-ге жуық кемшілік анықталған. Апат 700 метр тереңдікте болған. Мамандардың айтуынша, алдымен өрт тұтанып, 8 минуттан кейін жойқын жарылыс болған. Жалын 2 шақырым жерге жайылған. Жарылыстың қатты болғаны сонша, тіпті телекоммуникациялар істен шыққан. Жарылыс толқыны тек сол жердегі лаваға емес, «К-2» деп аталатын көршілес лаваға да жеткен.

Металлургиялық комбинатқа қарасты барлық 8 шахта уақытша жұмысын тоқтатты. Мамандар шахталарда газдың бар-жоғын тексеріп шығады. Кеше кешкілік дерек бойынша 46 адамның қаза тапқаны белгілі болды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысындағы шахтадағы өрт салдарынан қаза тапқан кеншілердің туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтып, зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуін тіледі. Мемлекет басшысы Үкіметке кеншілердің отбасыларына барлық қажетті көмек көрсетуді тапсырды. Оқиганың мән-жайын анықтау үшін үкіметтік комиссия құрылды. Үкіметке «АрселорМиттал Теміртау» компаниясымен инвестициялық ынтымақтастықты тоқтату тапсырылды.

2-бет

САРАП

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ НЕГЕ ЕЛЕНБЕЙДІ?



Қарағандыда болған жағдай дүйім жұртты есенгіретіп тастады. Осыдан соң барлық құзырлы мекеме шахталардағы жайтқа зер салуда. Алайда елімізде түйін тарқамаған бір мәселенің барын айту қажет. Ол – еңбек қауіпсіздігі. Жыл сайын құрылыс алаңдарында, зауыт пен өндірістік мекемелерде, шахталарда жүздеген адам қаза табады. Ескертулер мен қомақты айыппұлдарға қарамастан компаниялар өндірістігі қауіпсіздік жайын шетке ысыруда. Ал бұның соңы неге апарып жатқанын көріп отырмайық.

Мадияр ТӨЛЕУ, «Сыр бойы»

ҚАБЫЛДАУ

ӘРБІР ҰСЫНЫС ЗЕРТТЕЛЕДІ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен азаматтарды қабылдап, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Бұл жолы жеке қабылдауға 10 адам келді. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қабылдауға жазылғандарды толғандыратын түйткілдердің негізгілері – тұрғын үй алу, жол, жарықтандыру, жұмысқа орналасу және кәсіп ашу.

Облыс әкімі қабылдауға келушінің әрбірінің қойған сауалы жігі зерттелетінін айтты. Шешімін қарастыруда ең алдымен заң талаптары ескеріліп, негізге алынады. Кейбір сұрақтар бойынша жауапты тұлғалар сол жерде заң аясында түсіндірме беріп, шешу жолдарын ұсынды.

81 жастағы қала тұрғыны «Абал и К» ТС маңындағы 4 көшеде жарық, су, асфальт, ойын алаңы жоқ екенін және тазалық мәселесін қозғады. Қала әкіміне аталған шағын ауданға барып, жағдаймен жігі танысу жөнінде тапсырма берілді.



Саяжай аумағының 58 жастағы тұрғыны қалаға қатынаудың қиындығын алға тартып, тұрақты қоғамдық көлік маршрутын ұйымдастыруды сұрады. Оның өтініші бойынша танертен және кешкі уақытта арнайы бағыт ашылатын болды.

Ал әлеуметтік көмек сұрап келушілерге бұл мәселені арнайы комиссия заң аясында қарайтыны айтылды.

Еске салайық, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына egov.kz порталы, e-otinish бірінші базасы немесе өкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫ ЖАЛМАУДА

Жалпы Қазақстанда 6,7 млн адам жұмыс істейтін 340 мыңнан астам кәсіпорын бар. Ондағы жұмыскерлердің еңбек құқықтарының сақталуын бақылауды 246 мемлекеттік еңбек инспекторы жүзеге асырады. Осы инспекторлар 2021 жылдың өзінде 5130 тексеру жүргізіп, 11 мыңға жуық заңбұзушылықты анықтаған. Жұмыс берушілерге 3 371 ұйғарым беріліп, 278,2 млн теңге сомасында 1,3 мың айыппұл салынған. Алайда анықталған заңсыздықтан анықталмағаны көп. Оған жыл сайын өндірісте қаза табатындардың саны дәлел. Мәселен, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің дерегіне сенсек, 2021 жылы Қазақстанда өндірістігі жазатайым оқиғалардың кесірінен 1 465 қызметкер зардап шеккен, олардың 200-і қаза тапты. Көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда, 2,5 пайызға ғана азайған екен.

2-бет

БӘРЕКЕЛДІ!

Мөлдір – Әлем чемпионы



Венгрияның астанасы Будапешттегі WKF қаратэден Әлем чемпионаты Қазақстан үшін тарихи нәтижемен есте қалды.

Байрақты бәсекеде 50 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен жерлесіміз Мөлдір Жанбырбай ешкімге дес бермей, Әлем чемпионы атанды. Атап айтарлығы, Мөлдір – спорттың осы түрінен ересектер арасында бұл атаққа қол жеткізген тұңғыш қазақ.

Актілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»

– Таяуда Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарында күміс жүлдені қанағат тұттым. Алтын медаль үшін айкаста 2018 жылғы Азия ойындарының чемпионы тайпелік Шиуан Шуант Гүмен 5:5 есебімен тең түстім. Алайда соңғы нәтижелі әдісті қарсыласым жасағандықтан, жеңіс соған бұйырды. Бірақ сол жеңілістен соң, осы додада ел қоржынына алтын саламын деп өзіме уәде бердім. Жеңіске жету үшін жаттығу залында да жанымды салып дайындалдым. Арманым ұзақ күттірген жоқ. Екі айда екі жүлде жеңдім. Дегенмен, осы жеңістің орны бөлек. Ерекше қуандым. Осы жолда маған сенім артқан еліме алғысым шексіз, – деді ол.

Еске салайық, 50 келі салмақта 56 елдің таңдаулы спортшылары күш сынасты. Мөлдір алғашқы кездесулерінде Алжир мен Жапония және Словакия қаратэшісін қапы қалдырса, жартылай финалда әлем рейтингінің қосбасшысы венесуэлалық Салазар Йоргелисті айқын басымдықпен тізе бүктіріп (11-3), сенсация жасаған. Ал ақтық сында тәжірибелі италиялық Эрминия Перфоттадан айласын асырды.

– Алғаш рет екі спортшымыз Әлем чемпионатының финалына шығып, бірі Әлем чемпионы атанды. Осыған дейінгі ірі жетістігіміз Дархан Асаділовтің 2008 жылғы күміс медалі еді. Жалпы, ересектер арасында бізден Мөлдірге дейін WKF қаратэден Әлем чемпионы шықпаған. Жастар, жасөспірімдер сатысында ғана жеңімпаздар бар еді. Мөлдірдің жеңісі – біздің еліміз үшін тарихи сәт, – деді WKF қаратэден халықаралық дәрежедегі төреші, ұлттық құраманың бас бапкері Асқар Молдағали.

Айтпақшы, Мажарстанның бас шаһарында өтіп жатқан бұл Әлем чемпионатында қаратэден Қазақстан құрамасы үш медаль жеңіп алды. Атап айтсақ, Мөлдірден бөлек, 60 келіге дейінгі салмақ бойынша Кайсар Алпысбай күміс жүлдені қанжығасына байлады. Ал 67 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Дидар Әмірәлі Әлем чемпионатының қола жүлдесіне қол жеткізді.

Осылайша, Қазақстан құрамасы 1 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль еншілеп, командалық есепте 5-орынға тұрақтады.

БАСПАСӨЗ – 2024

Құрметті оқырман!

2024 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты газеттерге жазылу науқаны басталды.

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы: жекелер үшін – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.



БІЛІМ: ҮЗДІК ҰЙЫМ

Аймақтағы алдыңғы қатарлы білім ошағының бірі – Ө.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі «Орта білім беретін үздік ұйым» облыстық конкурсының жеңімпазы атанды. Мұғалімдер күні мерекесінде іргелі ұжымға облыс әкімі 34 млн теңге гранты табыс етті. Осы орайда мектеп-лицей директоры Айгүл Алтынбекқызымен ой бөліскен едік.



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІЗДЕНІС пен ШЫНАЙЫ ЕҢБЕК ЖЕМІСІ

– Өзіңіз басқарып отырған білім ошағы «Орта білім беретін үздік ұйым» атанып, облыс әкімі 34 млн теңге табыстады. Әлбетте, мұның ар жағында мектеп ұстаздарының үлкен еңбегі жатыр. Оқуға құштар шәкірттерің де үлесі бар. Осы жаңалықты оқырмандармен бөліссеніз...

– «Орта білім беретін үздік ұйым» гранты ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы №544 бұйрығына сәйкес өткізілген конкурстың нәтижесінде берілді. Конкурсқа мектептің кейінгі үш жылдағы жеткен жетістіктері мен атқарылған жұмыстарын айқындайтын құжаттар тапсырылды. Жалпы 11 бағытты қамтитын материалдар жинақталды. Нәтижесінде, біздің мектебіміз осы марапатқа лайықты деп танылды. Әрине, бұл – біздің ұжымның жылдар бойы зор ізденіспен атқарған еңбегінің жемісі.

Былтырғы оқу жылында 2 оқушы «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалар» конкурсының жеңімпазы атанды. Осы конкурстың облыстық кезеңінде 17 оқушы І, ІІ, ІІІ орын-дарды жеңіп алса, 8 оқушы алғы хатпен марапатталды. Ал 2-7 сынып оқушылары арасында өткен «Зерле» республикалық зерттеу жобалары конкурсының қалалық кезеңінде 32 оқушы жүлделі орын иеленсе, 3 оқушы алғы хатпен марапатталды. Басқа да байқаулар нәтижесінде, қалалық байқауларда 62 оқушы, облыстықтан 16 оқушы, республикалық байқауларда 2 оқушы жүлделі орындарға ие болып, мектебіміздің мерейін асыра түсті. Міне, осындай жетістіктер негізінде жоғарыда аталған конкурс жеңімпазы атанып, арнайы грант иелендік.

тық жобасын ендіруге №101 мектеп-лицейі тірек білім беру ұйымы ретінде бекітілді. «Жасыл мектеп» жобасы педагог қызметкерлердің, оқушылардың белсенді қатысуымен, білім берудің экологиялық бағыты саласында оқыту моделін енгізуге арналған. Бүгінде жоба 7 бағытта жұмыс жасап келеді. Оның бірі – «Биоаулантүрлілік» бағыты бойынша мектеп жанынан салынған жылжымайтын көк-өністер мен қарапайым өсімдіктер егіп, күтімге алдық. Ал «Жасыл сақшы» аталатын эковолонтерлер тобы гидропоника өдісі арқылы аквапоника құрылысында көгалдық жасылдар егіп, еңбектің нәтижесін көрді. Сондай-ақ, осы жоба аясында оқушыларымыз тәжірибесін жетілдіріп, арнайы бидай сабан субстратында «Вен-

лім министрлігі Ғылым комитетінің «Жасыл мектеп – жасыл колледж – жасыл университет моделі білім беруді экология-язациялауды дамыту жүйесі» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында мектебіміз ғылыми зерттеулер базасы. Жобаның маңыздылығы, «Жасыл мектеп: экологиялық бағытталған оқу тудың инновациялық шешімдері» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Осындай ортақ мәселелерді талқылау барысында Минск қаласындағы «Жасыл мектеп» жобасымен жүйелі айналысып, жоғары нәтижелерге жеткен 19 гимназиясымен, Беларусь мемлекеттік университетімен екіжақты меморандумға қол қойып, бірлесе жұмыс жасауға келісімге келдік. Бүгінде Беларусь елінің «Green office bsru» ресурстық орталығы мен «Green office schools» желісі және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетімен бірлесе халықаралық марафон үздіксіз ұйымдастырылып келеді.

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Ботаника және фитонтология институты Астана ботаникалық бағы филиалымен өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Жаңа оқу жылында Жасыл мектебімізді тұрақты сан алуан түрлерімен толықтыру жоспарлануда.

Жастардың әлеуметтік инновациялары мен көсіпкерлігінің жаһандық бағдарламасы – UPNPHIT бойынша «Жасыл мектеп» жобасы аясындағы 3 жоба жеңіске жетті. Олар: «Best team» – экологиялық биосабын, «Stars» – Табиғи антисептик, «Эковолонтерлар» – экологиялық таза өнім жобасы.

Жалпы алғанда, «Жасыл мектеп» пилоттық жобасының облыстық тірек білім беру ұйымы – №101 мектеп-лицейі базасында ғылыми негізделіп, сараптамадан өткен жобалар облысымыздың басқа білім беру ұйымдарына таратылып отырады. Облыстағы «Жасыл мектептер» желісі қалыптастырылып, жетекші ғалымдардың қатысуымен мазмұндық толықтыру бағытында нысаналы жұмыстар жүргізіледі.

Осындай атқарылған жұмыстар нәтижесінде Экология және табиғи ресурстар министрлігінің ұйымдастыруымен өткен «Үздік экологиялық білім беру ұйымы» ұлттық конкурсының І дәрежелі дипломымен Ө.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейі «Үздік экологиялық жоба» номинациясымен марапатталды. Бұл ұстаздар мен оқушылардың тынбай ізденісінің, табанды еңбегінің нәтижесі деп айтар едім.

Мемлекет басшысы бйлығы Жолдауында «әркім отаншыл, білімпаз, еңбекқор, төртпінгі, адал, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ» деп, Абай айтқан «Толық адам» сипатына сай «Адал азамат» тұжырымдамасының да түпкі мәні осы екенін атап көрсетті. Жалпы ХХІ ғасырда, әлемдік даму үдерістері алға шыққан кезеңде жас ұрпақты ұлттық ұстаныда, отаншыл рухта тәрбиелеу үшін қандай қадамдар қажет?

– Қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік, саяси және технологиялық өзгерістерден, ұрпақ тәрбиесіндегі олқылықтардан білім мен тәрбие жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру қажеттігі туындап отырғаны мәлім. Осыған орай қоғамның ұлттық мәдени тұрғыдан кемелденуі жастарды өз халқының рухани қазынасымен, ұлттық тәрбиенің озық, өнегелі дәстүрлерімен тереңірек таныстыруды көздейді. Соның негізінде жеке тұлғаның шығармашылық, рухани мүмкіндіктері ұлғаяды. Өйткені, еліміздің болашағы, оның материалдық және рухани дамуы жастардың білімі мен тәрбиесінің деңгейіне байланысты. Президент айтып отырған мәселенің мән-жайы осында деп ойлаймын.

Қоғамда отбасы берекесі оның толыққандылығында десек, өке мен ана тәрбиесі қатар жүрген жерде жақсы азамат қалыптасарына да сенім мол. Жалпы мектеп табалдырығын аттаған баланың барлығын да ең алдымен ұлттық сана, отаншыл рухта тәрбиелеп, туған жерін, ана тілін, ата-баба өнегесін терең ұғындырып, жалпы тіршілікті, қоршаған ортаны сүюге баулығанымыз жөн. Қазіргі біздің алға қойған мақсатымыз осы.

Сұхбаттасқан **Ғазиза ӘБІЛДА, «Сыр бойы»**



Жұмабек ТАБЫНБАЕВ, «Сыр бойы»

ТАБИҒАТ ТАМЫРШЫЛАРЫ

Мекеме сексеуілді тұқымынан себу арқылы көбейту жұмыстарын 1965 жылдан бастаған. Бұл жұмыстар Қарақұмдағы бос жатқан жерлердегі құм көшкірін тоқтату мақсатында атқарылды. Қазір Қарақұм беткейіндегі тұқымынан себіліп өсірілген сексеуіл ормандарының көлемі 56310 гектарды құрайды. 1968 жылдан бастап екі салада жұмыс жүргізіліп келеді. Бюджет саласы бойынша мемлекеттік орман қоры жерін заңсыз бүлдіріп қиратуға жол бермеу, елді мекендерді көгалдандыру мақсатында епке көшеттер өсіріп, оларды аудан мен ауыл оқу-ругеріндегі тұрғындарға таратумен қатар, епке көшеттерді орман қоры жерінің жасыл аймағына егіп, молықтыру, күтіп-баптау жұмыстары атқарылған.

– Біздің халықта ұзақ жылдар бойы өзінің жанқиярлық табанды еңбегімен бау-бақша өсіріп, оны қызғыштай қорып, кейінгі ұрпаққа қалдырған адамдарды пір тұтып, атын есте сақтап әрқашан құрмет көрсетеді. Міне осы тұрғыдан алғанда Қазалы қаласы жанындағы «Ояз бағы» туралы айтуға болады.

Патша үкіметі кезінде Қазалы қаласы уезд орталығы болған. «Уездный сад» бау-бақша орталығы жасалған. Патша үкіметі қулағанынан кейін, «Ояз бағы» деп аталып, 1947 жылы орман бөлімшесі құрылып соның қарауына берілген. Сол кездегі көзқарғандардың айтуы бойынша, Қазалы қаласына кірбейтестің жолдың екі қапталына егілген ағаштарды керуен болып келе жатқан түйелердің жемеуі үшін, олардың аузына қашық киігіз кіреді екен дейді. Былай қарағанда шыныққан жанасатын сияқты, яғни кешегі күнге дейін жолдың екі қапталында адамның құшағы жетпейтестің талдарын тұрғанын көрдік. 1956-1965 жылдары Байділдә ақсақал қорыған «Ояз бағы» орман шаруашылығы

ден. «Қарақұм» орманшылығы 157490, «Қызылқұм» орманшылығы 458959, «Жанқожа» орманшылығы 413500, «Сары-бұлақ» орманшылығы 462170 және «Ұялы» орманшылығы 293463 гектар жерді құрайды. Бұл аумақты қорғауға 5 орманшылық басшысының, 5 орманшылық басшысының көмегімен, 16 орман шебері және 75 орманшы (инспектор) қызмет жасайды.

Өткен жылы ағаш кесу және билет беру бойынша мекемедің 123 адамға қысқа мерзімге мемлекеттік қызмет көрсетіліп, 62800 гектар жер беріліп, тиісті қаржы түсірілді.

– Көктемгі епке жұмыстарына байланысты «Қарақұм» орманшылығының №55 орманшылығында 1 гектар жерге саялы ағаш тұқымбағы жасалып, оның ішінде 0,5 гектарға үйеңкі, 0,5 гектарға кара ағаш тұқымы, 40 мың дана Сыр талының шыбықшасынан қаламшалар отырғызылды.

Облыстық бюджет есебінен Арал теңізінің құрғаған ұлтанына көктем мезгілінде 6 мың гектар жерге сексеуіл көшеті отырғызылды. Былтыр күзде 20 гектар жерге уақытша сексеуіл, сонымен қатар 21406 гектарға табиғи өсуіне ықпал ету жұмыстары жүргізіліп, 14400 келі сексеуіл тұқымы жиналып, 13345 гектар жерге тұқым себілді.

Мекемеге бекітіліп берген «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» трассаның екі жақ бетіндегі 7 гектар, Әйтеке би кентінің кіреберіс жолында 2,6 гектар жерге күтіп-баптау жұмыстары жүргізілді, – деді мекеме басшысы.

Мекеме тарапынан орман орттерінің алдын алу, санитарлық тазалық жүргізу мақсатында түрлі жұмыстар тұрақты түрде өтіп тұрады.

Қазалы ауданы



Хабарландыру

«Сыр бойы» КС» ЖШС 2023 жылдың 06 қараша күні сағат 15:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекен-жайында серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібіне:

1. «АНК» АҚ серіктестіктің 2018-2023 жылдың 1 қыркүйек айына дейінгі қаржы есебіне аудитордың тексеру қорытынды есебін талқылау, бекіту туралы.
2. Кредиттік серіктестіктің Басқарма құрамына өзгерістер енгізу туралы.
3. Серіктестіктің қатысушылары үлестерін азайту/көбейту, жанадан қабылдау/шығару, несиелімитін бөлу, Жарғылық капиталын бекіту және осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, уәкілетті органға тіркеу туралы.
4. Серіктестіктің 27.07.2023, 27.09.2023 жыл-

дары өткізілген Басқарма жиналысы қорытындысымен жанадан қатысушыларды қабылдау туралы, өзгерістерін Жалпы жиналыста қайта бекіту туралы.

5. «Сыр бойы» кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның ревизорын қайта сайлау және бекіту туралы.

6. «АНК» АҚ арқылы несиелі рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің өз қаражаты есебінен берілетін несиелі шарты мен ішкі нормативтік құжаттар, ережелеріне өзгерістер мен толықтыруларын бекіту туралы.

Сонымен қатар қатысушыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлерін бау болса жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынудың қажетті, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сыр бойы» КС» ЖШС өкімшілігі. (БИН: 061 140 005 106)

Хабарландыру

«АГРИНАСС» ЖШС (БСН 061040002198) Жарғылық капиталының азайғанын хабарлайды. Қабылданған шешім бойынша талап-тілектер 1 (бір) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Шұғыла м/а, 25 үй 81 пәтер. Тел.: 8-701-516-82-08.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

